

**ASTANA MEDIA WEEK-2021 ШЕҢБЕРІНДЕ
«БІЗ БІРГЕМІЗ!» ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙНЕРОЛИКТЕРІНІҢ
СЦЕНАРИЙЛЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Дәстүрлі Astana Media Week-2021 халықаралық медиа көрмесінің, «Біз біргеміз!» Astana Media Week-2021 жанынан әлеуметтік бағдардағы бейнероликтердің үздік сценарийлерін іріктеу бойынша питчинг (бұдан әрі – Питчинг) өткізу тәртібін регламенттейтін негізгі құжат болып табылады(бұдан әрі – Ереже).

1. Жалпы ережелер

1.1. Питчинг әлеуметтік бағдардағы бейнероликтердің үздік сценарийлерін іріктеу және одан әрі ASTANA MEDIA WEEK-2021 халықаралық көрмесінде көрсету мақсатында өткізіледі.

1.2. Питчингті ұйымдастырушы «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) болады.

1.3. Ұйымдастыру комитеті «Хабар»Агенттігі» акционерлік қоғамы атынан Питчинг өткізуге байланысты ұйымдастыру мәселелерін қарайды.

1.4. Питчингтің демеушілері: ТОО «Автогаз Трэйд», «Публичная Компания Freedom Finance Global PLC», және «Коргау Астана» Жеке Қоры.

1.5. Питчингті өткізу мерзімі мен орны: 2021 жылғы 13 қыркүйектен бастап 28 қыркүйекке дейін, Нұр-Сұлтан қаласы.

1.6. Питчингке қатысушылардың Питчингке дайындалуға және онда өнер көрсетуге байланысты шығыстарын өздері төлейді.

1.7. Питчингтің үш тақырыптық бағыты бойынша жалпы жүлде қоры: 4 000 000 (төрт миллион) теңге және одан әрі «Хабар» агенттігі телеарналарының бірінде орналастыру.

1.8. Питчинг іріктеу туралы ақпарат Питчингтің www.astanamediaweek.kz және/немесе www.khabar.kz ресми сайтында (бұдан әрі-Сайт) орналастырылады.

1.9. Осы Ережемен келісілмеген шарттарды, Питчингті Ұйымдастырушы қосымша негізде шешеді.

2. Питчингке қатысу шарттары

2.1. Питчинг таланттарды анықтауға және креатив медиа саласында жаңа есімдерді ашуға ықпал ететін әлеуметтік бейнероликтердің ең үздік үш сценарийі үшін конкурсанттардың сайысына (бұдан әрі - Питчинг) негізделген ашық жоба болып табылады.

2.2. Питчинг міндеті сценарий жобаларының жаңалығын, креативтілігін және өзектілігін жеткізу болып табылатын өзіндік бірегей идеялардың тұсаукесерін ұсынады.

Питчингке қойылатын негізгі талаптар:

2.2.1. Питчинг отбасылық құндылықтар, экология, қаржылық сауаттылық сияқты әлеуметтік тақырыптарға бағытталған сценарий идеясынан, тұжырымдамасынан және ұсынымынан тұруы тиіс;

2.2.2. Питчингке қатысқан сәтке дейін идея жарияланбауы немесе басқа жобаларда іске асырылмауы тиіс;

2.2.3. қажет болған жағдайда Питчинг материалдарына авторлық құқықтар Ұйымдастырушыға беру мүмкіндігімен тазартылуы тиіс;

2.2.4. Питчинг және оның материалдары интернет желісі арқылы, сондай-ақ бұқаралық коммуникациялардың дәстүрлі құралдарының эфирлерінде трансляциялар арқылы немесе өзге де тәсілмен қандай да бір тасығыштарда (аудиокассеттер, компакт-дискілер, мини-дискілер, флеш-карталар және т.б.) көпшілік алдында таратылмауы тиіс.

2.2.5. Питчингтің бекітілген форматы жоқ, бұл қатысушыларға түпнұсқа идеяны шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыруға еркіндік береді. Бұл ретте, Питчинг ролик түрінде ұсынылған жағдайда мынадай шектеулер бар:

- 1) MOV немесе MXF форматындағы бейне.
- 2) хронометражы 2 минутқа дейін.
- 3) FHD стандарты, 16:9.

2.3. Питчингке 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жеке тұлғалар не Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде тұратын шетелдіктер немесе жарияланған Питчингке қатысуға ниет білдірген заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының резиденттері қатысуға құқылы.

3. Питчинг өткізу тәртібі мен мерзімдері

3.1. Питчинг екі кезеңде жүргізіледі:

3.1.1. бірінші кезең: 2021 жылғы 13-25 қыркүйек аралығы – Питчинг сайтында онлайн өтінімдерді және ұсынылған Питчинг материалдарын қабылдау.

3.1.2. екінші кезең: 2021 жылғы 28 қыркүйекте – Питчинг идеясын көпшілік алдында көрсету, оның қорытындысы бойынша жеңімпаз анықталады.

3.2. Бірінші кезең.

3.2.1. Питчингке қатысуға онлайн өтінімдерді қабылдау ресми Сайт арқылы жүзеге асырылады.

3.2.2. Питчинг іріктеуге қатысу үшін 2021 жылғы 13 қыркүйектен бастап қатысушылар онлайн өтінім береді, оған мыналар кіреді:

1) Осы Ереженің №1, №2 қосымшаларына сәйкес нысан бойынша қатысуға арналған сауалнама, онда қатысушының тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы, байланыс деректері көрсетілген тұрғылықты жері және т.б. деректер көрсетіледі.

2) қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың сканерленген көшірмесі;

3) аудио-бейне Питчинг материалдары («дауыс плюс») немесе сандық орналастыру үшін рұқсат етілетін талап етілетін форматта қатысушының орындауында дайындалған қағаз тасығыштағы презентация.

4) Питчингке және оның материалдарына авторлық құқық кепілдігін растау, ол қатысуға арналған сауалнамада осы туындының бірегей болып табылатындығы және қатысушының зияткерлік/шығармашылық еңбегінің нәтижесі болып табылатындығы туралы жазбаша растау түрінде ресімделеді.

3.2.3. Өтінімдерді Ұйымдастырушы қарайды.

Өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша Питчинг идеясының аса бірегей және әлеуметтік бағыттылығының тиісті сценарийлерін ұсынған кемінде 6 үміткер іріктеледі.

3.2.4. Қатысушыға келесі кезеңге одан әрі өту туралы хабарлама қатысу сауалнамасында көрсетілген E-mail-ге электрондық пошта арқылы жіберіледі.

3.2.5. Берілген өтінімдер осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өтінімдер қабылданбайды және қаралмайды.

3.2.6. Ұйымдастыру комитеті, егер сауалнамадағы деректер шындыққа сәйкес келмесе, конкурсқа қатысушыны Питчингке қатысудан алып тастау құқығын өзіне қалдырады.

3.3. Екінші кезең.

3.3.1. Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша хабарлама алған қатысушыларды Ұйымдастырушы Питчингтің тұсау кесерін тыңдау үшін шақырады.

3.3.2. Тұсаукесер Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі 4, 21-қабат мекенжайындағы Қазмедиа орталығының ғимаратында өтеді.

3.3.3. Сөз сөйлеу реті жеребетастау арқылы анықталады, ол сөз сөйлеуден 1 күн бұрын өткізіледі.

3.3.4. Питчинг финалында өнер көрсету сахнада жеңімпазды анықтайтын қазылар алқасының алдында өткізіледі.

3.3.5. Ұйымдастырушы кейіннен өз телеарналарының эфиріне орналастыру үшін нөмірлердің телевизиялық жазбасын жаңалықтар сюжеттері және т.б. арқылы жүзеге асыра алады.

4. Питчинг Қазылар алқасы:

4.1. Үздік бейнероликтердің сценарийлерін ұсынған Питчинг жеңімпазын анықтау мақсатында, құрамына Ұйымдастырушы мен Питчинг демеушілердің өкілдері кіретін кәсіби қазылар алқасы құрылады.

4.2. Қазылар алқасының мүшелері мен төрағасын Ұйымдастырушы бекітеді.

4.3. Қазылар алқасының құрамы Питчинг сайтында жарияланады.

4.4. Қазылар алқасының жұмысы оның барлық мүшелерінің теңдігі негізінде құрылады. Қазылар алқасының шешімі дауыс беру арқылы қабылданады.

4.5 Қазылар алқасының дауыс беруі:

4.5.1. Екінші кезеңнің барлық қатысушыларын тыңдағаннан кейін қазылар алқасы дауыс беру арқылы Питчинг жеңімпаздарын анықтайды.

4.5.2. Ұйымдастырушы қазылар алқасы мүшелерінің дауыстарын санауды 20 минут ішінде жүзеге асырады, оның қорытындысы Питчинг жеңімпазын одан әрі жариялау үшін қазылар алқасының төрағасына беріледі.

4.5.3. Дауыс беру нәтижелері хаттамаға енгізіледі, оған кәсіби қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды және Қазылар алқасының төрағасы куәландырады.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Питчинг жеңімпазы Питчинг демеушілерінен грант алады.

5.2. Ұйымдастырушының келісімі бойынша Питчинг жеңімпазы таныстырылатын сценарийді дербес және/немесе Питчинг идеясын іске асыру құқығын бере отырып, басқа кәсіби компанияның көмегімен іске асыруға міндеттенеді.

5.3. Ұйымдастырушы Питчингтің интернет-сайтында осындай шешім күшіне енетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын тиісті ақпаратты жариялап, осы Ережеге өзгерістер енгізуге, Питчингтің күшін жоюға құқылы.

5.4. Қатысушылар Питчингке қатысқанға дейін осы Ережемен және сілтемелері Сайтта қамтылатын өзге де құжаттармен мұқият танысуға міндетті.

5.5. Қатысушылар, Ұйымдастырушылар және Қазылар алқасының мүшелері Питчингтің осы Ережесінің тәртібін сақтауға міндетті.

5.6. Ұйымдастырушы Питчинг өткізудің кез келген кезеңінде осы Ережеде белгіленген талаптарды сақтамаған жағдайда қатысушыны дисквалификациялауға құқылы. Қатысушыны Питчингке қатысудан шеттету туралы хабарлама Қатысушының назарына келесі тәсілдердің кез келгенімен жеткізіледі: электрондық поштаның адресі бойынша, Питчингтің Интернет-сайтында дисквалификация туралы ақпаратты орналастыру арқылы.

ASTANA MEDIA WEEK-2021
«БІЗ БІРГЕМІЗ!» ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙНЕРОЛИКТЕРІНІҢ
СЦЕНАРИЙЛЕРІН КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ
КОНКУРСҚА
ҚАТЫСУШЫНЫҢ САУАЛНАМАСЫ

1. Т.А.Ә. _____
2. Туған күні, айы, жылы: «___» _____ ж.
3. Облысы: _____
4. Питчингтің тақырыптық бағыты «_____»
5. Байланыс телефоны: _____
6. Байланыс электрондық адресі: _____
7. Деректерді өңдеуге келісім: «ИӘ» «ЖОҚ» (керегінің астын сызу)

8. Осымен, Мен _____,
«AstanaMediaWeek-2021» халықаралық көрмесінің шеңберінде
әлеуметтік бейнероликтердің ең үздік сценарилерінің
Питчингісіне қатысуға келісімді беремін.

Сондай-ақ,

«_____»
_____»

(атауы) жобаға авторлық құқықтарды растаймын. Жобаның идеясы түпнұсқа және өзімнің еңбегімнің жемісі болып табылатынын куәландырамын.

(Қолы) _____

«___» _____ 2021 ж.

ПИТЧИНГТІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Жоба атауы: «_____».

Питчингтің тақырыптық бағыты «_____»

Хронометражы: _____ минут _____ сек.

Шығарылым саны: _____.

Авторы: _____

Актерлер

құрамы: _____

–

Синопсис:

(300 белгіден аспайды).

Конкурсанттың қоса берілген материалдары (аудио- бейне-
құжаттамалық мазмұны)

(Қолы) _____

«____» _____ 2021 ж.